



кейіннен дем жазып Кереку еліне табан тіреген Гүлбара бүгінде Екібастұз қалалық №3 емханасында дәрігер-терапевт болып еңбек етуде.

«Жақсының жаттығы жоқ» деген осы болар, зейнеткерлікке шықса да, әріптестерінің оны босатқысы жоқ. Өзінің ширек ғасырдан астам еңбек жолында қанша жас мамандар мен әріптестеріне қол ұшын берді десеңізші.

Қазір басы ауырып, балтыры сыздамайтын адам кемде-кем. Осынау алмағайып заманның ауруы да алабетен емес пе. Осындай сәттерде дертінен жапа шегіп, шипа іздеген ауыл тұрғындарының іздейтіні - Гүлбара Бекенқызы. Ол қашанда алдына келген сырқаттың рухына дем беріп, жарқын жүзімен, жылы сөзімен

Емі шипа Гүлбара

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп дана халық бекер айтпаса керек. Жамандықтан жирене, жақсылықты үйрене жүріп, адамгершілікті серік ете білетін, пендешіліктен алыс, өзіне емес, өзгеге деген мейірім-шапағатымен таныс небір ардақты да аяулы жандар ортамызда баршылық. Осындай жандардың бірі - ақ халатын пір санайтын, өмірінің әр таңын алғыспен атырып, батамен батырып, елризашылығы мен құрметіне бөленіп жүрген Гүлбара Бекенқызы Исабаева.

Туған өлкесі – Семейде дәрігерлік білім алып, ел іргесіндегі ауылдық емханаларда біраз уақыт қызмет жасап,

демеген сәтте бойдағы дерттің алғашқы шипасын алғандай есәрде боласың. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін осындай аяулы жандардың барына қуанамыз да сүйінеміз.

Алыс жолдан арып келген сырқаттың ауруына араша, дертіне шипа берер білікті де майталман дәрігер Гүлбара Бекенқызы Исабаеваға ауыл тұрғындарының құрметі мен алғысында шек жоқ.

Ел тілегі текке кетпес. Ақ халат иелерінің кәсіби мерекесіне орай Гүлбара Бекенқызының деніне саулық, отбасына бақыт тілейміз! Емі шипалы, мерейі үстем болсын!

Тай ауылының тұрғындары